

# FATCA

## Foreign Account Tax Compliance Act

### Commercial Banking - Kazakhstan

#### FATCA қысқаша шолу

Қаржылық жүйенің және біздің клиенттердің мүдделерінің қорғанысы мен ұзақ мерзімді қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қаржылық реттеу органдарымен, үкіметпен және банктермен енгізілген бірқатар елеулі өзгерістер бар.

Осындай құжаттардың бірі 2014 жылдың 30 маусымынан әрекет ететін «Шетелдік шоттардың салықтық сәйкестігі туралы заң» (FATCA) болып табылады. Бұл АҚШ-ғы салықтардан қашқақтауға қарсы әрекет ету мақсатында Құрама Штаттардың Мемлекеттік қазынашылығымен және Ішкі табыстар қызметімен (IRS) енгізілген жаңа заңнамалық акт.

FATCA «HSBC» көптеген жеке және корпоративтік клиенттерін қамтиды. Банк клиенттерін қамтитын дәреже шотқа, полиске және «HSBC» жасалған келісімге байланысты ерекшеленеді.

#### Заң «HSBC» мен біздің Клиенттерге әсер етеді

«HSBC» біз жұмыс жасайтын барлық елдерде FATCA талаптарын толық шамада сақтауға міндеттенді. Басқа банктер мен қаржылық ұйымдар да қатыстырылады, бірақ олардың FATCA қолданысына қатысты тәсілі «HSBC» тәсілінен ерекшеленуі мүмкін.

W8 BENE және W8 IMY нысандарымен жұмыс жүргізу жөніндегі нұсқаулықтардың кеш шығуына байланысты индустрияда шетелде шоттарды ашу тәртібін ұстану туралы заңға сәйкес жаңа шоттарды ашу рәсімдерімен қиындықтар туындады. Соның нәтижесінде компанияға алты айлық кейінге шегеру беріледі, атап айтқанда, 2014 жылдың 1 шілде мен 31 желтоқсан аралығында ашылған корпоративтік шоттар, 2014 жылдың 31 желтоқсанына дейін қоса алынған шоттар деп сұрыпталатын болады.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ашылған корпоративтік шоттар жаңа шоттар деп сұрыпталатын болады.

Шетелде шоттарды ашу тәртібін ұстану туралы заңның қолдану мерзімі дербес шоттарға қатысты өзгеше болатынына назар аударыңыз. Ақпарат алу үшін дербес шоттар туралы бөлімді қарауыңызды өтінеміз.

#### Жиі қойылатын сұрақтар

Сізге көмектесу үшін, біз FATCA қатысты кейбір жиі қойылатын сұрақтарды жинадық.

*Өтінеміз, «HSBC» салықтық кеңестемелер ұсына алмайтындығына назар аударыңыз. Салықтық мәселелер бойынша, өтінеміз, сіздің кәсіби салықтық кеңесшіңізге жүгініңіз немесе IRS веб-сайтында жауап іздеңіз.*

## FATCA қысқаша шолу

### **FATCA деген не?**

FATCA «Шетелдік шоттардың салық заңнамасының талаптарына сәйкестігі туралы Заңды» білдіреді. Бұл АҚШ-ғы салық салудан қашқақтаумен күресуде көмектесуге арналған жаңа заңнамалық акт.

Құрама Штаттардың Мемлекеттік қазынашылығымен (Қазынашылық) және АҚШ Ішкі табыстар қызметімен (IRS) енгізілген FATCA АҚШ-ғы өзінің табыстары мен активтеріне салықтың салынуынан қашқақтау үшін банктер мен басқа қаржылық ұйымдар қолданысында АҚШ субъекттеріне (Глоссарий қараңыз) кедергі келтіру арқылы, салық заңнамасы талаптарының нақтырақ сақталуын қамтамасыз етуге арналған.

Болжам бойынша, дүние жүзі бойынша елеулі елдер саны FATCA талаптарын сақтауға қатысты, Америка Құрама Штаттары үкіметімен үкіметаралық келісімге (YAK) қол қояды. Осы YAK FATCA-ның осы елдердің жергілікті заңнамасының бір бөлігіне айналуына алып келеді (Өтінеміз, YAK анықтамасын алу үшін Глоссарийге жүгініңіз)

### **FATCA әрекеті неде негізделеді?**

Жыл сайынғы негізде, банктер мен басқа қаржылық ұйымдар АҚШ субъекттеріне тікелей немесе жанама тиесілі болатын қаржылық шоттар туралы ақпаратты хабарлауға міндетті болады.

«HSBC» біз қызмет жүзеге асыратын барлық елдерде FATCA талаптарын толық шамада сақтауға қатысты толық шамада міндеттеме қабылдады. Осы себептен біз біздің клиенттердің FATCA сәйкес мәртебесін растау үшін біздің қазіргі клиенттік базамызды тексереміз, және қажет кезде бізге қосымша ақпарат пен құжаттама алу мақсатында біздің клиенттермен байланысу қажет болуы мүмкін.

## **Заң әрекетінің маған әсер ететіндігін қалай білуге болады?**

FATCA заңнамасы АҚШ-ғы салық салу мақсатында «АҚШ субъекттері» ретінде қарастырылатын жеке және корпоративтік клиенттерге қатысты.

«АҚШ субъекті» термині (өзгеден басқа) келесіні қамтиды:

- АҚШ азаматы, соның ішінде АҚШ-да туған, бірақ басқа елде тұратын (АҚШ азаматтығынан бас тартпаған) жеке тұлға,
- АҚШ-да тұратын, соның ішінде АҚШ грин-картасының иеленушісі ретіндегі тұлға,
- Жыл АҚШ-да елеулі күндер санын өткізген кейбір тұлғалар,
- АҚШ компаниялары мен серіктестіктері, жылжымайтын мүлік немесе трастық компаниялар жөніндегі американдық компаниялар.

Жуырдағы бірнеше айда біз заңнаманың біздің клиенттерге әсер етуін тексереміз, және тиісті уақытта мүдделі клиенттерге қосымша ақпарат ұсынамыз.

FATCA қатысты қосымша ақпарат алу үшін, өтінеміз, IRS веб-сайтына кіріңіз немесе салық мәселелері жөніндегі өзіңіздің маманыңызбен хабарласыңыз.

## **FATCA заңнамасы қашан күшіне енеді?**

Болжам бойынша, FATCA 2014 жылдың 30 маусымындағы күшіне ену күнімен қабылданды.

«HSBC» заңнамамен белгіленген кестеге сәйкес, біз қызмет жүзеге асыратын барлық елдерде FATCA талаптарын толық шамада сақтауға міндеттенді.

## **«HSBC» FATCA қамтитын жалғыз банк болып табылады ма?**

Жоқ. Барлық банктер мен басқа қаржылық ұйымдар FATCA әсеріне ұшырайды, алайда FATCA қолдануға қатысты олардың әдістері ерекшеленеді. «HSBC» біз қызмет жүзеге асыратын барлық елдерде FATCA талаптарын толық шамада сақтауға міндеттенді.

## **FATCA жеке немесе корпоративтік клиенттерге қатысты қолданыла ма?**

FATCA шоты, полисі немесе «HSBC» жасалған келісім бар жеке, сондай-ақ корпоративтік клиенттерне қатысты.

## **Егер біз американдық компания болсақ, заң бізді қамти ма?**

Жоқ. FATCA әрекет ету саласы қарапайым американдық компанияға қарағанда кең. «HSBC» FATCA сәйкес мәртебесін анықтау үшін дүние жүзі бойынша көптеген корпоративтік клиенттермен хабарласады. Осы әрекеттер мақсаты — FATCA сәйкес есептілікте көрсетілуі тиіс клиенттерді анықтау. Біз қосымша әрекеттер орындау талап етілетін клиенттермен байланысамыз.

### **Бізге корпоративтік клиент ретінде қандай әрекеттер жасау керек?**

FATCA сәйкес сіздің салықтық мәртебеңізді орнату үшін, бізге сізден қосымша ақпарат / құжаттама ұсыну қажет болуы мүмкін. Бұл құжаттама «HSBC» арыз нысанында немесе IRS салықтық нысанында болуы мүмкін. Біз осы нысандарды толтыру қажет болатын мүдделі клиенттермен байланысамыз, және оларға толтыру мерзімдеріне қатысты қосымша ақпарат көрсетеміз.

### **FATCA біз осы кезге дейін сақтаған АҚШ әрекетті салық ережелерін ауыстыра ма?**

FATCA әрекетті салық тәртіптерін ауыстырмайды, алайда сіз осы кезге дейін сақтаған, қосымша талаптарды қосуы және күрделендіре түсуі мүмкін. Егер сіздің салықтық мәртебеңізге немесе FATCA бойынша жіктелімге қатысты қосымша кеңестеме қажет болса, сізге кәсіби салықтық кеңесшімен хабарласу керек.

### **Біздің банк, «HSBC» салыстырғанда, неге басқа құжаттар сұратты?**

Банктер мен қаржылық ұйымдар FATCA бойынша салықтық мәртебені растау мақсатында өздерінің клиенттерінде ақпарат жинайтын әдістер ерекшеленуі мүмкін. Бұл кейбір жағдайларда «HSBC», басқа банкпен салыстырғанда, сізден басқа құжаттама сұратуы мүмкін.

«HSBC» сіздің салықтық мәртебеңізге немесе FATCA бойынша жіктелімге салықтық кеңестемелер ұсына алмайды. Егер қосымша көмек керек болса, сізге IRS сайтыну кіру керек немесе кәсіби салықтық кеңесшімен байланысу керек.

### **FATCA қарастырылған мақсаттарда бізге қаншалықты жиі ақпарат ұсынуға тура келеді?**

FATCA үздіксіз үрдіс болып табылады. Егер сіздің шоттың мәліметтері өзгерсе, бізге, FATCA сәйкес сіздің шоттың жіктелімін жаңарта алатындай, қосымша ақпарат/құжаттама алу үшін сізбен хабарласу қажет болуы мүмкін.

### **«HSBC» қандай жағдайларда біздің жергілікті салық органына немесе IRS-не сіздің шот туралы ақпарат хабарлауға мәжбүр болады?**

FATCA мақсаты – өзінің жалпы әлемдік табыстары мен активтеріне АҚШ-да салық салудан қашқақтау үшін банктер мен басқа қаржылық ұйымдар қолданысында АҚШ субъекттеріне (Глоссарий қараңыз) кедергі келтіру. Осы себептен «HSBC» IRS-не немесе жергілікті салық органына АҚШ субъекттеріне тікелей немесе жанама тиесілі барлық шоттар туралы ақпарат хабарлайды. Сонымен қатар, «HSBC» бізге қажетті құжаттаманы ұсынбайтын клиенттер туралы ақпарат хабарлауға мәжбүр болуы мүмкін.

### **«HSBC» менің салықтық органыма немесе IRS қандай ақпарат хабарлайды?**

IRS-не немесе клиенттің жергілікті салық органына хабарланатын ақпарат FATCA сәйкес клиент жіктеліміне байланысты болады. Бұл ақпарат әдетте кәсіпорынның елеулі үлесінің американдық иеленушілеріне қатысты, жеке (мысалы: аты-жөні, мекенжай, АҚШ салық төлеушісінің сәйкестендіргіш нөмірі) және қаржылық сипатта (мысалы: шот нөмірі, шоттағы қалдық/сома) болады. Біз осы талаптарға қатысты толыққанды мәліметтер алу үшін мүдделі клиенттермен байланысамыз.

### **«HSBC» ұсыну үшін бізде қандай текті ақпарат және/немесе құжаттама талап етуі мүмкін?**

Біз мүдделі клиенттермен хабарласып, FATCA мақсаттары үшін «HSBC» қажетті ақпаратқа / құжаттамаға қатысты толық мәліметтер ұсынамыз. Құжаттар АҚШ салықтық нысандарын (сонымен қатар W нысанды немесе ұсталынатын салық туралы анықтамалар деп аталады) немесе FATCA бойынша мәртебеге қатысты жеке декларацияны қамтуы мүмкін.

### **«HSBC» бізге толтыру үшін қажетті барлық нысандарды ұсына ма?**

Ия. Егер «HSBC» сізден қосымша ақпарат қажет болса, біз сізге сәйкес нысандар жібереміз немесе сізге сіз жүктеп ала алатын веб-сайтқа сілтеме жөнелтеміз.

### **FATCA сәйкес мен сұратылатын ақпаратты және/немесе құжаттаманы қашан ұсынуым керек?**

Жалпы, клиенттер сұратылатын ақпарат пен құжаттаманы хабарламада көрсетілген күнге дейін ұсыну керек.

### **Егер де мен шоттарды ашу тәртібін ұстану туралы заңға (FATCA) сәйкес сұратылған ақпаратты ұсынбаған жағдайда HSBC не істейді?**

HSBC FATCA талаптарын толығымен орындау жолын ұстанған.

HSBC компания тобы FATCA сәйкес клиенттің статусын анықтауға қажетті HSBC құжаттар ұсыну туралы сұраныстарын орындамаған клиенттерге жаңа шоттарды ашуды немесе қосымша қызмет пен өнімді жеткізуді тоқтатуы мүмкін.

Ол заңда рұқсат етілген деңгейге дейін HSBC нормативтік анықталған мерзімде қажетті құжатты немесе ақпаратты ұсынбаған клиентпен қатынастарын тоқтатуы мүмкін.

Сонымен қатар, талап етілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, клиент туралы ақпаратты HSBC заңнамада көрсетілген ретпен жариялауға мәжбүр болады.

Одан басқа, Сіздің шотыңызға американдық көздерден түскен нақты төлем көзі салық салуға жатуы мүмкін. (ұсталатын салық туралы қосымша ақпарат үшін Глоссарийді қараңыз).

### **Егер маған FATCA әрекеті таралмаса, мен не жасауым керек?**

Жуырдағы бірнеше айда біз заңнаманың біздің клиенттерге әсер етуін тексереміз, және тиісті уақытта мүдделі клиенттерге қосымша ақпарат ұсынамыз. FATCA қатысты қосымша ақпарат алу үшін, өтінеміз, IRS веб-сайтына кіріңіз (Пайдалы сілтемелер қараңыз) немесе кеңес алу үшін салық мәселелері жөніндегі өзіңіздің маманыңызбен хабарласыңыз.

Өтінеміз, егер сізде «HSBC» Компаниялар тобы қызметінің әр түрлі бағыттарында көптеген байланыстар болса, сізге ақпарат ұсынуға қатысты бірнеше сұраным жіберілуі мүмкін. Сондықтан, сіз сұратылған ақпаратты ұсындым деп есептесеңіз де, барлық сұранымдарға жауап беруіңіз маңызды.

Өтінеміз, «HSBC» салықтық кеңестемелер ұсына алмайтындығына назар аударыңыз. Салықтық мәселелер бойынша, өтінеміз, сіздің кәсіби салықтық кеңесшіңізге жүгініңіз немесе IRS веб-сайтында жауап іздеңіз.

### **Шетелдік қаржылық мекеме (ШҚМ)**

ШҚМ – бұл Шетелдік қаржылық мекеме аббревиатурасы. Ол американдық емес қаржылық мекемені білдіреді. FATCA заңнамасында ШҚМ кеңейтілген анықтамасы бар және онда банктер, кастодиалды мекемелер, инвестициялық қорлар сияқты ұйымдар және сақтандыру компанияларының кейбір түрлері қамтылады.

### **IRS салықтық нысандары**

W нысаны ретінде де аталатын ұсталынатын салық туралы анықтамалар IRS салықтық нысандары болып табылады.

W-9 нысаны – бұл Салық төлеушінің сәйкестендіргіш нөмірі мен куәлігі туралы сұраным. Бұл АҚШ салықтық нысанын шот иеленушісі өзінің американдық мәртебесін растау және куәландыру үшін ұсынады. W-8 сериялы нысандар, қазіргі уақытта, шетелдік тұлғалармен (соныңт ішінде корпорациялармен) өзінің американдық емес мәртебесін растау үшін қолданылады. Нысан американдық табыс көзінен ұсталынатын салықты қолданбау немесе азайту үшін белгілі бір тұлғаның резидент емес-шетел азаматы немесе шетелдік компания екендігін бекітеді. Бұл нысандар американдық емес клиенттерге өздігінен FATCA сәйкес өзінің мәртебесін растауға мүмкіндік береді.

### **Үкіметаралық келісімдер (ҮАК)**

ҮАК ел FATCA қолданыла алатындай елдің құқықтық жүйесіне FATCA талаптарын енгізу мақсатында АҚШ мен жеке елдер арасындағы келісім. ҮАК қаржылық мекемелерден жүргізілетін немесе американдық шоттар туралы ақпарат ұсынуды талап етеді:

- не тікелей IRS-не,
- не резиденттік елдің жергілікті салық органына.

### **Ішкі табыстар қызметі (IRS)**

IRS салықтарды жинау және салық заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету үшін жауапты Құрама Штаттардың мемлекеттік агенті болып табылады.

### **Шетелдік бейқаржылық ұйым (ШБҰ)**

ШБҰ (Шетелдік бейқаржылық ұйым) – бұл АҚШ тыс құрылған/негізделген, ШҚМ анықтамасына сәйкес келмейтін ұйым, және ол келесілерді қамтиды:

- Тіркелген немесе жеке әрекет ететін шаруашылықты немесе коммерциялық кәсіпорындар,
- Кәсіби қызметтер көрсететін фирмалар,
- Пассивті қызмет жүргізетін (яғни шаруашылықты/коммерциялық кәсіпорын болып табылмайтын) кейбір ұйымдар,
- Қайырымдылық ұйымдары.

## **Салық төлеушінің сәйкестендіргіш нөмірі (ССН)**

IRS қолданатын айрықша термин: Салық төлеушінің сәйкестендіргіш нөмірі.

Жеке тұлға үшін бұл оның АҚШ әлеуметтік сақтандыру нөмірі, ал ұйым үшін – оның жұмыс беруші сәйкестендіргіш нөмірі.

## **Америка Құрама Штаттарынан (АҚШ) келген тұлға**

«Америка Құрама Штаттарынан келген тұлға» термині кез келген АҚШ субъектін білдіреді, келесіні ескермей:

- A. күнтізбелік жыл ішінде акциялары бір немесе одан көп құрылған қор нарығында жүйелі түрде сатылатын компаниялары;
- B. күнтізбелік жыл ішінде акциялары бір немесе одан көп құрылған қор нарығында жүйелі түрде сатылатын компания болып табылатын кеңейтілген аффилирленген топ мүшесі болып табылатын кез келген компания;
- C. АҚШ федералды салық заңнамасы немесе жеке зейнеткерлік бағдарлама бойынша салықтан босатылған кез келген ұйым;
- D. Құрама Штаттар немесе толықтай олардың меншігіндегі кез келген агенттіктер немесе мекемелер;
- E. кез келген штат, Колумбия аймағы, АҚШ кез келген аумағы, және олардың кез келген саяси бөлімшесі, немесе толықтай олардың меншігіндегі кез келген мекемелер;
- F. Құрама штаттардың (Колумбия аймағына қатысты заңдарды қоса) немесе қандай да бір штаттың заңнамасына сәйкес құрылған және кәсіпкерлік қызмет жүргізетін кез келген банк;
- G. жылжымайтын мүлікке салынатын инвестициялар жөніндегі кез келген трасттық компания;
- H. кез келген реттелетін инвестициялық компания, немесе 1940 жылғы «Инвестициялық компаниялар туралы заңға» сәйкес Құнды қағаздар жөніндегі комиссиямен тіркелген кез келген ұйым;
- I. кез келген жалпы трасттық қор;
- J. салықтан босатылған немесе қайырымдылық қоры ретінде қарастырылатын кез келген трасттық компания;
- K. Құрама Штаттар немесе қандай да бір штат заңдарына сәйкес тіркелген, құнды қағаздармен, тауарлармен немесе туынды қаржылық құралдармен жұмыс жасайтын дилер;
- L. брокер, және

M. салықтан босатылу себебі бойынша немесе мемлекеттік мектептердің аннуитет бағдарламасы бойынша, немесе үкімет бағдарламасы бойынша салық салынбайтын кез келген трасттық компания.

## **АҚШ субъекті (АҚШС)**

«Құрама Штаттар субъекті» термині білдіреді:

- Құрама Штаттар азаматы немесе тұрғыны,
- Құрама Штаттарда немесе Құрама Штаттардың, немесе кез келген штаттың, немесе Колумбия аймағының заңнамасына сәйкес құрылған немесе ұйымдастырылған серіктестік,
- Құрама Штаттарда немесе Құрама Штаттардың, немесе кез келген штаттың, немесе Колумбия аймағының заңнамасына сәйкес құрылған немесе ұйымдастырылған компания,
- Шетелдік жылжымайтын мүлік жөніндегі компания немесе шетелдік трасттық компания болып табылмайтын кез келген жылжымайтын мүлік жөніндегі компания немесе трасттық компания. (шетелдік жылжымайтын мүлік жөніндегі компания немесе шетелдік трасттық компания анықтамасын алу үшін «Ішкі табыстар кодексінің 7701(а)(31) бөлімін қараңыз),
- Елеулі қатысу туралы шарттарға жауап беретін тұлға, немесе
- Шетелдік тұлға болып табылмайтын кез келген басқа тұлға.

## **АҚШ азаматы**

«Құрама Штаттар азаматы» термині білдіреді:

- Құрама Штаттарда туған жеке тұлға,
- Ата-анасы АҚШ азаматы болып табылатын жеке тұлға,
- АҚШ азаматы ретінде азаматтық құқық берілген бұрынғы шетел азаматы,
- Пуэрто-Рикоға туған жеке тұлға,
- Гуамеда туған жеке тұлға, или
- Американдық Виргин аралдарында туған жеке тұлға.

## **Ұсталынатын салық**

30-пайыздық ұсталынатын салық FATCA талаптарын сақтамайтын қаржылық мекемелерне және/немесе FATCA сәйкес қажетті құжаттаманы ұсынбайтын клиенттерге қатысты «салық ұсталынуы тиіс төлемдерге» FATCA сәйкес қолданылады.

«Салық ұсталынуы тиіс төлем» термині білдіреді:

- Бекітілген немесе есептелетін, жыл сайынғы немесе мерзімдік (FDAP) табыс, егер осындай төлем АҚШ қайнаркөздерінен жасалса – ол кез келген пайыздар мен дивидендтер төлемдерін қамтиды. Бұл анықтама 2014 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданылады.
- АҚШ қайнаркөздерінен пайыздар немесе дивидендтер өндіре алатын қандай да бір мүлік түрін өткізуден немесе басқаша иеліктен шығарудан келетін кез келген жалпы табыс. Бұл анықтама 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылады.